

№138 жалпы орта мектеп кітапханасының жұмысының сараптамасы 2023-2024 оқу жылы

№138 жалпы орта мектеп кітапханасы 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 19 қаңтарындағы «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау бойынша қағидаларды бекіту туралы» № 44 бұйрығына және 2016 жылғы 28 қаңтардағы «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» № 91 бұйрығына сүйене отырып сонымен қатар мектеп кітапхана ісі туралы типтік ережесі негізінде кітапхана жұмысын жоспарлап, төмендегі жұмыстарды атқарды.

Қазіргі заманғы мектеп кітапханасының міндеті оқу-тәрбиесіне сай болу, мектеп ісінің дамуына үлес қосып, оқушылардың оқуы мен тәрбиесіне белсенді түрде жәрдем беру. Үлкен кітап әлеміне алғаш есік ашып келген жасөспірімдердің жас ерекшеліктеріне қарай кітап оқу мәдениетіне қызығушылығын ояту, оқушыларға оқу мәдениетін меңгерту. Оқушылардың жан-жақты білім алуына, әр түрлі ақпарат көздерін таба білуге, өз бетінше ізденуін қалыптастыру.

«Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша ұлттық салт-дәстүрімізді, тарихымызды, мәдениетімізді, еліміздің дархандылығын, тарихымыз бен тілімізді дәріптейтін әдебиеттерді насихаттап, әр кітаптың оқырман жүрегінен орын алуын ұйымдастырып отырды.

2023-2024 оқу жылында жаңа бағдарлама бойынша 2 қазақ сыныптары үшін «Русский язык» оқулығы және оқушы санының артуына байланысты 260 дана кітаптарды және қажетті оқулықтар алынып, оқушыларға таратылып берілді. Жалпы 2023-2024 оқу жылында кітапхана қорына -260 дана оқулық және -324 дана көркем әдебиет келіп түсті,

№138 мектептің оқушылары оқулықпен 100 пайыз қамтамасыз етілді.

Қазіргі таңда кітапхана қорында 29738 (жиырма тоғызмың жеті жүз отыз сегіз) дана кітап бар, сомасы 58147634 (елу сегіз миллион жүз қырық жеті мың алты жүз отыз төрт) Оның ішінде оқулық саны-28666 дана (жиырма сегіз мың алты жүз алпыс алты) Көркем әдебиет саны -1072 дана (мың жетпіс екі)

Кітап қорын қалыптастыру мақсатында: жаңа түскен әдебиеттер мен оқулықтар есепке жиынтық есеп кітабына жазылды және қорды сақтау мақсатында әр тоқсан сайын оқушылардың оқулықтарын тексеру рейді жүргізілді.

Оқу-тәрбиелік үдерісті қамту мақсатында: кітапханаға келген оқырмандарға кітапхананы қолдану ережелерімен таныстырылып, оқырмандарға сапалы қызмет көрсетілді. Кітап көрмелері ұйымдастырылып, «Оқуға құштар мектеп» бұрышы жасалып іс-шаралар өткізілді. Оқырмандары кітапханаға жазып, оқырман формуляры толтырылып, тіркеу кітабына енгізілді.

Оқушылардың көркем әдебиетке қызығушылығын арттыру мақсатында: «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында әр түрлі іс-шаралар іске асырылды.

- 1). «20 минут кітап оқимыз» іс-шарасында сынып болып кітап оқып, оқыған кітаптарын талқылау барысында, пікіралмасулар, дөңгелек үстелдер өтті.
- 2). «Ертегілер әлемінде» мектеп кітапханасына жаңадан келген ертегілерін алып оқып, оқушылар ертегі желесін айтып, білімдерін толықтырып, мазмұнымен бөлісіп, оқыған шығармадан қойылымдар көрсетті.
- 3). «Мен оқыған бір кітап» өзің оқып, өзгеге ұсын READx book жобасы аясында оқушылар өздерінің оқыған кітаптарын жарнамалап өзге оқушыларға ұсына білді.
- 4). «Бір сынып-бір кітап» жобасында әр сынып берілген шығарманы оқып талдап, жарнамалау бейнероликтерін түсірді.

5). «Каникулда кітап оқимыз» іс-шарасында кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында оқушылар отбасымен кітап оқып, оқыған кітаптарының мазмұнымен бөлісіп, бейнероликтер түсіріп, фотоколлаждар жасады.

6). «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасы жаңа келіп түскен кітаптарды насихаттау мақсатында «Жаңа кітап - жаңа сыр» тақырыбында оқырмандарға кітапхана қорына келіп түскен жаңа кітаптармен таныстырылып, библиографиялық шолу жасалды.

Мектеп кітапханасында дөңгелек үстелдер, пікіралмасулар, кітап талқылаулар, диспуттар өтті:

«Оқуға құштар мектеп» атты бұрышқа ақын-жазушылардың кітаптары, сөздіктер мен мақал-мәтелдер жинақтары, тарихи кітаптар, «Абайтану әліппесі», «Абай дана-Абай дара», «Ұлт ұстазы-А.Байтұрсынұлы», «Бір ел-бір кітап», «Тәуелсіздік-мәңгілік елдің тұғыры», «Мәңгілік елге –кітаппен бірге», «Ертегілер еліне саяхат» атты кітап көрмелері үлкен қолданыста болды. Барлық пәндер апталығында өткізілген іс-шараларға кітап көрмелері ұйымдастырылды.

5 қыркүйек Тілдер күніне орай 5-6 сынып оқушыларының тілге деген сүйіспеншілікті, қазақ тілінің қадір-қасиетін арттыру, туған тілдің қасиетін ардақтау мақсатында «Ұлт бірлігі—мемлекеттік тілде» дөңгелек үстелі өтті. Дөңгелек үстелде мемлекеттік тілді білу, ұлттық құндылықтарымызды қадірлеу, тілді құрметтеу туралы сөз өрбіді. Кітапханада оқушыларды кітапты сүйіп оқуға, оны күтіп ұстауға тәрбиелеу, кітаптың адам өміріндегі аса маңызды рөлін түсіндіріп, оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Бізді ақылды ететін —кітап дана» тақырыбында кітап керуені өткізілді.

Оралхан Бөкейдің – 80 жыл мерейтойына орай 6 сынып оқушыларының қатысуымен «Алтайдың кербұғысы» атты дөңгелек үстелі өтті. Қазақтың көрнекті қаламгері, сырлы сөздің сардары Оралхан Бөкейдің шығармашылығымен өмірімен таныстыру. Әдебиетке кітап оқуға баулу мақсатында өткен дөңгелек үстелде танымдық әңгіме-сұхбат жүргізілді. Орны бөлек, заңғар жазушы жайлы сөз қозғап, оқушылар өздері дайындаған арнайы бейнетаспаны тамашалап, шығарма туындылары, әңгімелерінен үзінді айтылды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында «Күш білімде, білім кітапта» викториналық ойыны ұйымдастырылды. Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру мақсатында өткен ойында оқушылар кітап туралы викториналық сұрақтарға жауап берді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасында 9 сынып оқушыларының қатысуымен Ғ.Мүсіреповтың «Ана туралы новеллалар» дөңгелек үстелі өтті. Ғ.Мүсірепов шығармалары арқылы ана бейнесін ашу, үлкенді сыйлау, ананы қастерлеу, құрметтеу, сенімін ақтауға тәрбиелеу мақсатында өткен дөңгелек үстелде оқушылар қазақ әдебиетінің көрнекті жазушысы Ғабит Мүсіреповтің ұлт әдебиетіндегі ана бейнесін ашуда өлшеусіз еңбек сіңіргенін, отбасының ұйытқысы саналатын, жылы жүректі әйелдің, ананың болмысын боямасыз суреттегенін сөз етті. Жазушының шығармашылығымен танысып, ана тақырыбындағы әңгімелерін талдады.

«Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында қазақ балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың өмірі мен шығармашылығын таныстыра отырып, оқушының кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында Б.Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» повесі челенджі өтілді. Оқушының көркем жеткізе білу дағдыларын дамыта отырып Б. Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» повесінен үзінділер келтіре отырып, оқығанымен бөлісіп, оқырмандарға оқыған кітабын оқуға челендж арқылы ұсынды.

Кітапхана жыл бойы мұғалімдерге, сынып жетекшілерге көпшілік іс-шараларды, сынып сағаттарды, пән апталарды өткізуге көмектесті. Әдебиеттің, сценарийдің, өлеңдердің тандап алуы өткізілді; кітап көрмелері көрсетілді.

Мектеп кітапханасы оқушыларды тұрақты өзін-өзі білімге дарытты, жауапкершілікке тәрбиеледі, мектеп бағдарламаларына көмек етіп, әдебиетті насихаттауға назар аударды. Оқушының кітап оқу мен білім алу қуанышын дамытты және қолдады, кітапхананы пайдалану ережесімен таныстырды.

2024-2025 оқу жылына білім беру ұйымдарының кітапханалары сатып алатын «Балалар кітапханасы» бағдарламасына ұсынылған көркем әдебиеттер тізбесіне сәйкес, мектеп педагогтері мен әдістемелік жетекшілері мектеп кітапханасына қажет деп тапқан көркем әдебиеттерге edu.bookfund.gov.kz букфунд платформасында сұраныс жасалды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Оқулықтардың, оқу әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы» 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығын негізге ала отырып 2024-2025 оқу жылына оқулықпен қамту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Мұғалімдер келесі оқу жылына жаңартылатын оқулықтармен танысып, etandau.gov.kz платформасында оқулықтарға таңдау жасады.

Кітапхана меңгерушісі

Н.Кабылбаева